**Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық компаниясы 2000 жылғы 15 қарашадағы N 87 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 желтоқсан N 1330 тіркелді. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 412 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 412* қаулысымен ( *қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз* ).

---

*Ескерту: Қаулының атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен .

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 шілдедегі Заңы 6-бабының 3) тармақшасын және 57-бабын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 12) тармақшасының негізінде, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың төлем қабылеттілігіне және қаржы тұрақтылығына кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Ұсынылып отырған Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереже бекітілсін.

*Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен .

2. Осы Қаулының, Нұсқаулықтың Ұлттық комиссия Директоратының қаулысымен күшіне енгізілетін 20-22 тармақтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін Ұлттық комиссия Төрағасының Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі

комитеті Төрағасымен келісім бойынша шығарылған бұйрығымен күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар осы Қаулы және Нұсқаулық күшіне енгізілген күннен бастап екі айдың ішінде өздерінің қызметтерін жоғарыда аталған Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келтіруге міндетті екендігі белгіленсін.

4. Жоғарыда аталған Нұсқаулық күшіне енгізілген сәттен бастап Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 29 тамыздағы N 133 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 09 қыркүйекте 363 нөмірмен тіркелген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын компанияларға арналған пруденциялық нормативтер туралы ереженің күші жойылады деп танылсын.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) және Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің және кастодиан-банктердің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) және Нұсқаулықты зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

*Ұлттық комиссияның*
*Төрағасы*

*Комиссияның мүшелері*

Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясының
"Зейнетақы активтерін инвестициялық
басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға
арналған пруденциалдық нормативтер
туралы ережені" бекіту жөнінде"
2000 жылғы 15 қарашадағы N 87
қаулысымен бекітілді

## Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереже

*Ескерту: Атауы, кіріспесі жаңа редакцияда жазылды; барлық мәтін бойынша "осы Нұсқаулықта", "осы Нұсқаулық", "осы Нұсқаулықтың", "осы Нұсқаулыққа" деген сөздер тиісінше "осы Ережеде", "осы Ереже", "осы Ереженің", "осы Ережеге" деген сөздермен; "Ұлттық комиссия", "Ұлттық комиссиясының", "Ұлттық комиссияны", "Ұлттық комиссияға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органды", "уәкілетті органға" деген сөздермен; "Компания", "Компаниялар", "Компанияға", "Компанияларға", "Компанияның", "Компаниядан" деген сөздер тиісінше "Ұйым", "Ұйымдар", "Ұйымға", "Ұйымдарға", "Ұйымның", "Ұйымнан" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен .

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін әзірленді және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорлары сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтерді белгілейді.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде қолданылған ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) Ұйым - зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры;

2) Уәкілетті орган - жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиан банктердің, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі қызметтер мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) "зейнетақы активтерінің шартты бірлігі" - Қордың зейнетақы активтерінің оларды Ұйым инвестициялық басқару нәтижесіндегі олардың өзгерістерінің сипаты үшін пайдаланылатын және осы Ережеге сәйкес есептелетін үлестік өлшемі;

4) "Қор" - жинақтаушы зейнетақы қоры;

5) "таза" зейнетақы активтері" - Қордың оның зейнетақы активтеріне қатысты міндеттемелерін (зейнетақы төлемдері, басқа Қорларға аударымдар жөніндегі міндеттемелерді және басқа да ұқсас ықтимал міндеттемелерді) шегеріп тастағандағы зейнетақы активтері.

*Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 16 карашадағы N 434* қаулысымен , *2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен .

## 2-тарау. "Өз капиталының жеткіліктілігі" 1-ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ НОРМАТИВ

2. Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі күнделікті мәні 1-ден кем болмайтын $К_1$ коэффициентімен сипатталады. $К_1$ коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$К_1$ = (ӨА-М)/ МКЕАМ, онда

ӨА - осы Ереженің 3-тармағымен белгіленген өтімді және басқа активтер;

М - міндеттемелер;

МКЕАМ- формула бойынша есептелген меншікті капиталдың ең аз мөлшері:

МКЕАМ = (ЗААҚ * k)*0,10, онда

ЗААҚ - зейнетақы активтерінің ағымдағы құны,

k - формула бойынша есептелген кредиттік тәуекел коэффициенті:

Е (қаржы құралының ағымдағы құны* дефолта коэффициенті)

k = -------------------------------------------------------

қаржы құралының ағымдағы құны

Дефольта коэффициентінің мәні осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 16 қарашадағы N 434* қаулысымен , *2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен , *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

3. Ұйымның мына активтері өтімді активтер болып табылады:

1) ақша, оның ішінде:

баланс бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын кассадағы ақша;

екінші деңгейдегі банктердің шоттарындағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

3) Бағалы қағаздары қор биржасының ең жоғары санаты бойынша ресми тізімге енгізілген немесе еншілес резидент банктер болып табылатын, мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі "А"( "Etandard & Poor's" және "Fitch"рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "А2" ("Moody's Investors Eervice" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша)(негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) санаттарынан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі бар резидент емес енші беруші банктердің Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдары;

4) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес айналысқа ақша шығарған) (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере

отырып):

5) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі қор биржасының ең жоғары санаты бойынша (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан және "Қазақстан Даму банкі" АҚ облигацияларынан басқа) (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ресми тізімге енгізілген Ұйымдарға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялы бағалы қағаздары;

6) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигациялары;

6-1) ықтимал шығындар резервін шегергендегі, Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары (негізгі борыш сомалары мен есептелген сыйақыны ескере отырып);

7) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі "Қазақстан Даму банкі" АҚ облигациялары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

8) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "ВВВ" ("Etandard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Eervice" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

9) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "ВВВ" ("Etandard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Eervice" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

10) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "ВВВ" ("Etandard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Eervice" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің борыштық бағалы қағаздары бойынша акциялары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

11) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары (негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

12) тазартылған қымбат металдар;

13) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі қор биржасының ең жоғары санатынан кейінгі (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан басқа) (елу процентке кемітілген негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Ұйымдарға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар) Қазақстан Республикасының ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

14) Ұйымдарға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын (мүмкін жоғалтудың резервін шегере отырып), қызметкерлер мен басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергендегі ұйымның дебиторлық берешегі, оның ішінде:

Ұйымдарға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын, Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының жиырма процентінен аспайтын мөлшердегі шарт талаптары бойынша дебиторлық берешекті шегергендегі жасалған шарт талаптарын қызметкерлердің және басқа тұлғалардың үш күннен аспайтын мерзімге кешіктірген дебиторлық берешек (мүмкін жоғалтудың резервін шегере отырып);

Ұйымдарға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын, Ұйымның балансы бойынша жасалған шарт талаптарын қызметкерлердің және басқа тұлғалардың тоқсан күннен аспайтын мерзімге кешіктірген елу процентке кемітілген активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі дебиторлық берешекті шегергендегі дебиторлық берешек (мүмкін жоғалтудың резервін шегере отырып).

Басқа активтер ретінде Ұйымның мынадай активтері танылады:

1) Ұйымның баланстық құны бойынша негізгі құрал-жабдықтар, оның ішінде:

Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі меншігіндегі немесе тұрақты пайдалану құқығындағы жер;

Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі меншігіндегі үйлер және ғимараттар;

Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі меншігіндегі машиналар мен жабдықтар;

2) бағдарламалық қамтамасыз ету - Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі.

*Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 16 қарашадағы N 434* қаулысымен , *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі*

*агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен , *2005 жылғы 19 сәуірдегі N 133* қаулысымен .

## 3-тарау. "ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ КІРІСТІЛІГІ" 2-ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ НОРМАТИВ

4 . < * >

*Ескерту: 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

5. Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған зейнетақы активтерінің кірістілігі формула бойынша есептелетін мынадай К2 номиналды кіріс коэффициентімен сипатталады:

$$К2 = \left(\frac{\bar{C}_t}{\bar{C}_0} - 1\right) \times 100,$$ бұл жерде

$\bar{C}t$ - Қордың есепті күнтізбелік айда Ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің осы Ұйымның 6-тармағына сәйкес есептелген орташа құны;

$\bar{C}0$ - Қордың отыз алты ай бұрын Ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің осы Ереженің 6-тармағына сәйкес есептелген орташа құны.

*Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

6. Қордың қандай да болмасын айда Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны осы Қордың осы айдың әрбір күнтізбелік күнінің соңында осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің осы Ереженің 7-тармағына сәйкес есептелген орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі.

7. Қордың қандай да болмасын күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құнын ұйым мына формула бойынша есептейді:

$$Ci = \frac{ПАi}{УЕi},$$ бұл жерде

Сі - Қордың осы күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында

болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны;

ПАі - Қордың осы күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің осы Ереженің 8-тармағына сәйкес есептелген ағымдағы құны;

УЕі - Қордың осы күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің осы Ереженің 9-тармағына сәйкес есептелген шартты бірліктерінің жалпы саны.

8. Қордың қандай да болмасын күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны мына формула бойынша есептеледі (осы Ереженің 10-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен):

ПАі = ПА(і-1)+Ві+Ті+Д+Иі+Пі1+Пі2-Ні1-Ні2-КВі, бұл жерде

ПА(і-1) - Қордың өткен күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

Ві - осы күні Қорға түскен зейнетақы жарналары;

Ті - осы күні Қорға түскен басқа Қорлардан аударылған зейнетақы активтері;

Ді - Қордың зейнетақы активтері бойынша осы күні есептелген инвестициялық табыс;

Иі - Қордың инвестициялық шотындағы қалдық бойынша осы күні кастодиан-банк төлеген сыйақы (мүдде);

Пі1 - зейнетақы жарналарын уақытында төлемегендік үшін Қордың осы күні алған өсімі;

Пі2 - зейнетақы активтерін уақытында инвестицияламағандық үшін Қордың осы күні алған өсімі;

Ні1 - осы күні Қордан есептелген зейнетақы төлемдері, Қордан басқа Қорларға жасалған аударымдар және Қордың инвестициялық шотына қателесіп түскен сомалар бойынша міндеттемелер (Қор және оған қызмет көрсететін кастодиан-банк түскен күні қателесіп түскен деп таныған, қаржы құралдарына орналастырылмаған және Қордың салымшыларынын/зейнетақы төлемдерін алушылардың жеке шоттарына есепке алынбаған сомаларды қоспағанда);

Ні2 - анықталғанға дейін осы күні есептелген сомалар;

КВі - Қордың және Ұйымның осы күні есептелген комиссиялық сыйақылары.

9. Қордың қандай да болмасын күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны мына формула бойынша есептеледі (осы Ереженің 10-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен):

$$Ei = УE(i-1) + \frac{Bi + Ti + Пi1 - Hi1 - Hi2}{C(i-1)}$$

бұл жерде

УЕ(і-1) - Қордың осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны;

С(і-1) - Қордың осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.

*Ескерту: 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен .

10. Қордың зейнетақы активтері Ұйымның инвестициялық басқаруына бастапқы түскен кезде (осы Ереженің 11-тармағында белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда) осы қордың зейнетақы активтері инвестициялық басқаруда болып табылған бірінші күннің соңына Сі, ПАі және УЕі көрсеткіштерінің есебі мынадай мәндерге сүйене отырып жүзеге асырылады:

1) С(і-1) - 100 теңге;

2) ПА(і-1) - Қордың Ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

3) УЕ(і-1) - Қордың Ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құнын 100 теңгеге бөлудің нәтижесі.

11. Қордың зейнетақы активтерін бір Ұйымнан екіншісіне инвестициялық басқаруға өткізген кезде осы Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеу үзілмейді және оның зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қабылдаған Ұйым жүзеге асыруды жалғастыра береді.

12. $К_2$ коэффициентін Ұйым тек зейнетақы активтері осы немесе басқа Ұйымдарда отыз алты және одан көп айда инвестициялық басқаруда болған Қорларға ғана қатысты аталған мерзім ішінде мынадай оқиғалардың болғандығына не болмағандығына қарамастан есептейді:

1) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге

асыруға осы Ұйымға берілген лицензияны қолдануды тоқтата тұру;

2) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы $K_2$ коэффициентін есептеу күніне Қордың зейнетақы активтері инвестициялық басқаруда болған басқа Ұйымға берілген лицензияны қолдануды тоқтата тұру;

3) зейнетақы активтерін тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін Қорға берілген лицензияны қолдануды тоқтата тұру;

4) Қордың зейнетақы активтерін бір Ұйымнан екіншісіне инвестициялық басқаруға өткізіп беру.

*Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

13. Ұйымдар ұсынған $K_2$ коэффициенті есептерінің негізінде Уәкілетті орган осы Ереженің 14-тармағына сәйкес ай сайын мыналардың мәндерін есептейді және ағымдағы айдың он бесінен кешіктірмей Интернет желісіне, сондай-ақ басқа да ықтимал бұқаралық ақпарат құралдарына жариялайды:

1) осы Ереженің 12-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша $K_2$ коэффициенті;

2) осы Ереженің 12-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша өткен толық он екі айдағы орташа атаулы кіріс коэффициентті.

*Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен , *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

14. Орташа атаулы табыстың коэффициенті "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша ($K_2$ коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күні жағдайы бойынша) осы Ереженің 12-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша бір кезеңдегі $K_2$ коэффициенттерінің орташа өлшенген өлшемі ретінде есептеледі.

*Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен , *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

15. Зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір қор бойынша $K_2$ коэффициентінің ауытқуы тиісті кезеңнің орташа номиналды кірісі коэффициентінің мәнінен 30%-тен кем болмауы тиіс.

*Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

**4-тарау. "Жоғары өтімді активтер жеткіліктілігі" 3 пруденциалдық нормативі**

*Ескерту: 4-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен , *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

16. Жоғары өтімді активтер жеткіліктілігі күнделікті мәні 1-ден кем болмайтын $К_4$ коэффициентімен сипатталады. К4 коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$К_4$ = ЖӨА( МКЕАМ*0,3), онда

ЖӨА - жоғары өтімді активтер.

*Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен , *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

17. <*>

*Ескерту: 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

**5-тарау. "РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛ" 4-ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ НОРМАТИВ**

*Ескерту: 5-тарау (18-23-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

**6-тарау. "ӨЗ АКТИВТЕРІНІҢ ЕСЕБІНЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ" 5-ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ НОРМАТИВ**

*Ескерту: 6-тарау (24-25-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

**7-тарау. "БІР ЭМИТЕНТТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНА, БІР БАНКТЕГІ САЛЫМДАРҒА ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ" 6-ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ НОРМАТИВ**

*Ескерту: 7-тараудың атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 16 қарашадағы N 434* қаулысымен , *2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен .

26. Ұйымның бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға уәкілетті орган белгілеген зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерден аспауы тиіс:

1) эмиссиялаған бағалы қағаздарға, сондай-ақ осы банктегі салымдарға:

зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде осы банктің дауыс беруші акцияларына инвестициялар осы банктің дауыс беруші акциялары жалпы санының он процентінен кем болған жағдайда - әрбір жеке Қордың Ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтері көлемінің 10%-і;

өз активтерін инвестициялау кезінде - Ұйымның өз активтері көлемінің 10%-і ,

бірақ жиынтығында осы банктің өз капиталы мөлшерінің 35%-нен көп емес ( қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигациялардан басқа);

осы банктің борыштық бағалы қағаздарының "ВВ-" ("Etandard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе осы банктің меншікті капиталының 50%-нен аспайтын "Ва3" ("Moody's Investors Eervice" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы болған жағдайда;

екінші деңгейдегі бір банк айналысқа бағалы қағаздар үшін ақша шығарған инвестициясының мөлшері, не екінші деңгейдегі бір банкке салынған салымдардағы инвестиция мөлшері банктің меншікті капиталының мөлшерінен 25 %-тен аспауы тиіс (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда);

1-1) екінші деңгейдегі банктің және банктің екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын аффилиирленген тұлғаларының бағалы қағаздарына, сондай-ақ осы тармақтың 1) тармақшасының төртінші азатжолымен, 2) тармақшасының төртінші азатжолымен және 3) тармақшасының төртінші азатжолымен белгіленген шектеулерді сақтай отырып осы банктегі салымдарға:

зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде - әрбір жеке Қордың Ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтері көлемінің 10%-ы;

өз активтерін инвестициялау кезінде - Ұйымның өз активтері көлемінің 10%-ы ;

2) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитенттің облигацияларына:

зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде - әрбір жеке Қордың Ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтері көлемінің 10%-і;

өз активтерін инвестициялау кезінде - Ұйымның өз активтері көлемінің 10%-і ,

бірақ жиынтығында осы эмитенттің өз капиталы мөлшерінің 25%-нен (қаржы агенттіктерінің, ипотекалық облигациялардың, инфрақұрылымдық

облигациялардың және қаржы агенттігінің кепілдігімен шығарылған облигациялардан басқа) немесе осы эмитенттің бір эмиссиясы облигацияларының жалпы көлемінің 25%-нен көп емес (аталған өлшемдердің қайсы аз болып табылатындығына байланысты);

3) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитенттің акцияларына -

зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде - әрбір жеке Қордың Ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтері көлемінің 15%-і;

өз активтерін инвестициялау кезінде - Ұйымның өз активтері көлемінің 15%-і,

бірақ жиынтығында осы эмитент акцияларының жалпы санының 10%-нен көп емес.

*Ескерту: 26-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 16 қарашадағы N 434* қаулысымен , *2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен , *2003 жылғы 4 тамыздағы N 284* қаулысымен , *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен , *2005 жылғы 19 сәуірдегі N 133* қаулысымен .

27. Ұйымның бір эмитенттің мемлекеттік бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға және жүзеге асыруы мүмкін инвестицияларының жиынтық мөлшерін есептеу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының резиденті - банктің (эмитенттің) өз капиталы оның банктік қызметті реттейтін заңдарға және акционерлік қоғамдар туралы заңдарға сәйкес баспасөз басылымдарда жарияланған не листингтік рәсімдерге сәйкес бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушы ұсынған соңғы тоқсандағы балансының негізінде айқындалады;

2) шетелдік эмитенттің өз капиталы Reuters немесе Bloomberg V.L.P. ақпараттық талдау жүйелерінде немесе ИНТЕРНЕТ желісінде сауда жүйесінде осы бағалы қағаздар құнды деп есептелетін бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының сайтында немесе осы бағалы қағаздар эмитентінің сайтында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде айқындалады;

3) бір біріне қатысы бойынша аффилиирленген банктер бір банк ретінде танылады, бұл ретте осы Ереженің 26-тармағының 1)-тармақшасының төртінші азатжолымен белгіленген шектеу осындай банктердің әрқайсына қатысты қолданылады;

3-1) екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын, бір біріне қатысы бойынша аффилиирленген эмитенттер екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір эмитент ретінде танылады, бұл ретте осы Ереженің 26-тармағының 2) тармақшасының төртінші азатжолымен және 3) тармақшасының төртінші азатжолымен белгіленген шектеулер осындай

эмитенттердің әрқайсына қатысты қолданылады.

*Ескерту: 27-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 16 қарашадағы N 434* қаулысымен , *2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен , *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

27-1. Ұйым кассасында күн аяғындағы ақша қалдығының мөлшері Ұйымның өз активтерінің 10%-нен аспауы тиіс.

*Ескерту: 27-1-тармақпен толықтырылды, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 16 қарашадағы N 434* қаулысымен , *2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен .

28. Осы Ереженің 26 және 27-тармақтарында белгіленген нормалар халықаралық қаржылық ұйымдардың Ұйым уәкілетті орган белгілеген зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібіне сәйкес сатып алуы мүмкін бағалы қағаздарына қолданылмайды.

*Ескерту: 28-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 134* қаулысымен , *2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484* қаулысымен , *ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен .

## 8-тарау. ПРУДЕНЦИЯЛЫ НОРМАТИВТЕРДІҢ САҚТАЛЫСЫНА БАҚЫЛАУ ЖАСАУ

29. Ұйым әрбір жұмыс күні алдыңғы жұмыс күнінің соңы жағдайы бойынша, сондай-ақ тікелей ағымдағы жұмыс күнінің алдындағы әрбір демалыс күндерінің соңына:

1) К1 коэффициентінің мәнін;

2) К4 коэффициентінің мәнін;

3) осы Ереженің 1-қосымшасындағы үлгі бойынша зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын;

4) алынып тасталды ;

5) алынып тасталды ;

6) жүзеге асырылған инвестициялардың 6-пруденциялық нормативтерге сәйкес келуін есептеуді жүргізуге міндетті.

*Ескерту: 29-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен , *2005 жылғы 27 тамыздағы N 310* қаулысымен ( *қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз* ).

30. Ай сайын, бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей Ұйым уәкілетті органға электрондық тасымалдағышта:

1) өткен айдағы $K_2$ коэффициентінің мәндерін есептеулерді (ағымдағы айдың басына зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір Қор бойынша жеке);

2) осы Ереженің 2-қосымшасындағы үлгі бойынша ағымдағы айдың басына зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің өткен айдағы орташа құны туралы анықтаманы беруге міндетті.

*Ескерту: 30-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 378* қаулысымен , *2005 жылғы 27 тамыздағы N 310* қаулысымен ( *қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз* ).

